

Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 мамыр N 631. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жұмыс комиссиясы әзірлеген Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы (қоса беріліп отыр) мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен, облыстар, аудандар, қалалар әкімдерімен бірлесіп жұмыспен қамту жөніндегі бағдарламалық шараларды, халықты жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу кезінде Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасын басшылыққа алатын
б о л с ы н .

3. Қазақстан Республикасының еңбек министрлігі Экономика министрлігімен және Әділет министрлігімен бірлесіп 1996-1998 жылдардың ішінде Халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасында көзделген заң жобалары мен өзге де нормативтік актілерді әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 2 2 м а м ы р д а ғ ы

N 6 3 1 қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамасы

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулар ойдағыдай жүріп жатқан жоқ. Экономикадағы дағдарысты жағдай жұмыс істеуге қабілетті халықты жұмысқа орналастыру проблемасын айтарлықтай қиындатып жіберді. Халықты жұмыспен қамтудың абсолюттік көлемінің төмендеуі ресми түрде тіркелген жұмыссыздардың өсуін бірнеше есе өсірді.

Халықты жұмыспен қамтудың объективті едәуір төмендеуіне экономиканың реформалануы, оның нарықтық негізге көшуі себепші болады. Бірақ халықты

жұмыспен қамтудың қысқаруының орын алуы әзірге экономикада озық құрылымдық өзгерістердің болуының, өндірісті модернизациялаудың, шаруашылық жүргізудің бір ғана мемлекеттік жүйеден көп салалы жүйеге ауысуының нәтижесі болып табылмайды. Жалпы сипат алған жұмыс күшін толық пайдаланбау экономиканың барлық саласындағы өндірістің тиімділігін тоқтатушы факторға айналып отыр.

Жұмыссыздықтың өсу тенденциясы бар, халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдайдың шиеленісуі, экономикалық өсу мен халықтың тұрмыс жағдайының жақсаруының шарты ретінде елде толық, нәтижелі жұмыспен қамтудың қалыптасу кезеңі негізделген осы Тұжырымдаманы жасауға себепші болды.

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамалық ережелерін айқындау, сондай-ақ жұмыс күшінің тауарлық сипатын және әлеуметтік-еңбек қатынастарын қайта құруға себепші болған жұмыспен қамтуды ұйымдастырудың нарықтық үлгісіне көшу қажеттігіне байланысты болып отыр. Жаңа жағдайда монополиялық жұмыс беруші ретінде мемлекеттің рөлі едәуір азаяды және еңбек нарығының басты қатысушылары - қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, жұмыссыздарды толық жұмыспен қамтуды және әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасауда оның функциясы күшейеді. Мұның бәрі жұмыспен қамту саласында өзгерген жағдайларға, мақсаттарға, міндеттерге және оны жүзеге асыру принциптеріне неғұрлым толық жауап беретін жаңа ыңғайларды талап етеді.

Осы Тұжырымдаманың негізгі мәні бірінші кезеңде жұмыспен қамту деңгейінің құлдырау қарқынын төмендетуге, екіншіде - жұмыспен қамтуды тұрақтандыруға, үшіншіде - жалпы өсуіне және оны экономикалық мақсатқа сай деңгейде ұстап тұруға себепші болатын принциптер мен бағыттарды негіздеуден тұрады.

1. Тұжырымдамада пайдаланылған ұғымдар мен анықтамалар

Еңбек нарығы - құқықтық нормалармен реттелетін және жұмыс күшінің сұранысы мен ұсыныстарын теңдестіретін әдіс ретінде көрінетін жұмыс күшін, оның жалдануы мен төлемін қалыптастыру, бөлу және қайта бөлу барысында пайда болған әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жүйесі.

Жұмыспен қамту - адамдардың қоғамдық пайдалы қызметтерге өздерінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатымен қатысуы себепші болған әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Нәтижелі жұмыспен қамту - тұрақты экономикалық өсу мен әлеуметтік

ықпалды қамтамасыз ететін жұмыспен қамту.

Экономикалық белсенді халық (жұмыс күші) - еңбек процесіне қатыса алатын, қатысып жүрген, қажетті күш-қуат және ақыл-ой қабілеті, білімі мен практикалық жұмыс тәжірибесі бар, жиынтығында ел халқының белсенді бөлігін құрайтын жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар.

Толық жұмыспен қамту - елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты тұрақсыздыққа ұшыраған, табиғи жұмыссыздық деңгейіндегі жұмыспен қамту.

Толық емес жұмыспен қамту - жұмыс күшін тиімсіз (нәтижелі емес) пайдалану. Оның екі нысаны былай ажыратылады:

жұмыс уақытының қысқаруы себепші болған ашық толық емес жұмыспен қамту;

жұмыс істейтіндердің біліктілігін тиімсіз пайдалануды, еңбек өнімділігінің төмендігін көрсететін жасырын толық емес жұмыспен қамту.

Жұмыссыздар - жұмыс істеуге қабілетті жастағы, бірақ оларға байланысты емес себептермен еңбек қатынасында тұрмаған және еңбек табысы жоқ, жұмыс іздестіруші, жұмыс істеуге дайын тұлғалар.

Ресми тіркелген жұмыссыздар - жұмыспен қамту қызметінде жұмыс іздестіруші ретінде тіркелген және де жұмыспен қамту қызметі қолайлы жұмысқа ұсыныс жасамаған жұмыссыздар арасындағы тұлғалар.

Жұмыссыздық - еңбек нарығында жұмыс күшінің белгілі бір бөлігінің талап етілмеуі себепші болған әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Табиғи жұмыссыздық деңгейі - жұмыс күшіне деген сұраныста, сондай-ақ жұмыс іздестіруде немесе күтуде (фрикциялы жұмыссыздықта) құрылымдық өзгерістер себепші болған объективті, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда қабылдауға болатын жұмыссыздық деңгейі.

Жасырын жұмыссыздық - сөз жүзінде жұмыспен қамтылған, бірақ шын мәнінде өндірістің тоқтап қалуына байланысты (толық ішінара) жұмыссыз қалғандарды және толық емес жұмыс уақыты режиміндегі жұмыстарды қамтитын өтпелі экономиканың ерекше құбылысы.

Ұзақ жұмыссыздық - ұзақтығы 12 ай немесе одан да көп жұмыссыздық.

Жаппай жұмыстан босап қалу (шығып қалу):

саны 15 және одан да көп адам жұмыс істейтін, меншіктің және шаруашылық жүргізудің кез келген нысанындағы кәсіпорындардың таратылуына;

30 күнтізбелік күн ішінде 50 және одан да көп, 90 күнтізбелік күн ішінде 200 және одан да көп мөлшерде кәсіпорындар (ұйымдар) қызметкерлері санының қысқаруына;

аймақтарда жалпы саны кем дегенде 5 мың адам жұмыс істейтін кәсіпорындардың таратылуына немесе санының қысқаруына байланысты 30

күнтізбелік күн ішінде жұмыс істейтіндердің жалпы санының 1% мөлшерінде қызметкерлердің шығып қалуына байланысты босап қалулар.

2. Жұмыспен қамту: жай-күйі мен тенденциялары

Қазақстандағы еңбек нарығының қалыптасуы экономиканың мемлекеттік секторындағы жұмыспен қамту үлесінің қысқаруымен және тиісінше оның мемлекеттік емес секторда - акционерлік қоғамдарда, бірлескен кәсіпорындарда, шағын және орта бизнесте, шаруа (фермерлік) қожалықтарында, жеке кәсіпкерлікте өсуімен сипатталады. Нарыққа көшу, өткенде ғана негізгі жұмыс беруші ретіндегі мемлекет рөлінің тартылуы жалпы жұмыспен қамтудың төмендеуіне объективті түрде себепші болды. Орталықтандырылған жоспарлаудан нарықтық экономикаға көшуді жүзеге асырушы елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, жұмыссыздық деңгейінің уақытша өсуі өтпелі кезеңде болмай қоймайтын құбылыс болып қалуда.

Тұтастай алғанда жұмыспен қамту экономиканың барлық саласында, әсіресе өнеркәсіпте, құрылыста және ауыл шаруашылығында төмендеді. Соңғы бес жыл ішінде жұмыспен қамтудың жалпы санының жылдық орташа төмендеу қарқыны экономика саласында 3,7 процентке жетті.

Еңбек нарығындағы өзгерістер елдің сандық және сапалық еңбек әлеуетінің төмендеуі, белгілі бір шамада бала туудың төмендеуі, жас ұзақтығының қысқаруы, халықтың, соның ішінде жұмысқа қабілетті жастағылардың елден тысқары кетуі себепші болған жалпы қолайсыз жағдайлар аясында өтуде.

Республиканың аграрлық секторында өндіріс көлемінің құлдырауы, әсіресе осы саладағы еңбек етуге қабілетті халықты жұмыспен қамтуға әсерін тигізді. Село халқының арасында, әсіресе жастардың қалаға, экономикалық құрылымы неғұрлым дамыған аймақтарға көшіп-қону процесі байқалып отыр.

Жұмыспен қамту ахуалы, әсіресе түсті металлургия, химия, көмір өнеркәсібі кәсіпорындары, қорғаныс кешендері қаланы құраушы болып табылатын моноэкономикалық құрылымдағы қалалар мен жұмысшы поселкелерде өткір тұр.

Аймақтарда жұмыспен қамту мен жұмыссыздық процестері бір мәнді дамып жатқан жоқ. Жұмыспен қамтудың өте төмен деңгейі (65 процентке дейін) Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарына тән. Айтарлықтай жоғары деңгейдегі топқа (78-83 процент) Көкшетау, Шығыс Қазақстан, Ақмола облыстары жатады. Қалған облыстар жұмыспен қамтудың орташа деңгейімен (65 - 77 процент) сипатталады.

Кәсіби білімнің жеткіліксіздігі, қажетті біліктілік пен еңбек дағдысының жоқтығы себепші болған еңбек нарығындағы бәсекелестіктің төмендігінен

жастар арасында жұмыссыздық өсті. Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың өсуі тұрақты тенденцияға айналды.

Нарыққа көшу өндіріс көлемінің құлдырауы аясында кәсіпорынның еңбек әлеуетін сақтауға себепші болатын жасырын жұмыссыздық сияқты өзіндік бір құбылыстың пайда болуына, сондай-ақ ресми емес жұмыспен қамтудың ("челноктар", патентсіз сауда жасау т.б.) және есепке алу мен реттеуге көнбейтін көлеңкелі нарықтың кеңеюіне апарып отыр.

Жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан ресми тіркелген жұмыссыздар 3 процентке, ал жасырын жұмыссыздар 11 процентке асып түседі. Ресми және жасырын жұмыссыздардан басқа, жұмыспен қамту қызметіне өтініш жасамаған жұмыссыз қалғандарды да ескергенде, еңбек нарығының ерекше құбылыстарын есепке ала отырып есептелген жұмыссыздықтың жалпы әлеуеті 1,5 млн. адамды немесе жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 20 проценттен астамын құрайды.

Жұмыссыздық елеулі экономикалық және әлеуметтік шығындарға әкеліп соғады. Жұмыс істеуге қабілетті жасында жұмыссыз қалу, алдымен еңбекпен және материалдық игілікпен қамтамасыз ететін әлеуметтік жағдаймен, кәсіби өсу үшін мүмкіндікпен т.с.с. байланысты адам санасындағы бүгінгі қоғамның дәстүрлі құндылықтардың бұзылуына алып келеді.

Жұмыспен қамту саласындағы жағдайдың дамуы көптеген факторларға, соның ішінде шешуші дәрежеде елдің жалпы даму жолына және экономикалық қайта құру барысына, жұмыс күшіне сұраныспен ұсыныстың құрылымдық сандық және сапалық теңдестіру деңгейіне байланысты болады.

Еңбекке деген сұраныс негізінен экономиканың дағдарысты және құлдырау ахуалын жеңумен, құрылымдық қайта құрудың қарқынымен және ауқымымен, өндірістің техникамен қайта жарақтануымен, рентабельдігі төмен және шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік саясатпен, мемлекеттік, жеке меншіктің және шетелдік инвестициялардың ауқымымен, кадрлар құрылымының кәсіби-біліктілік өзгерістерімен айқындалады.

Еңбекке деген ұсыныс жұмыс істеуге қабілетті халықтың табиғи өсу қарқынына, мемлекеттің демографиялық және әлеуметтік саясатына, еңбек нарығының конъюнктурасына сәйкес кәсіби даярлықты жетілдіруге, халықтың белгілі бір бөлігінде балама табыс көздерінің пайда болуы мен өзін-өзі жұмыспен қамту саласының кеңеюіне, жеке іс ұйымдастыру мен кәсіпкерлік қызметпен айналысуына, жұмыссыздық деңгейіне себепші болады. Ресми еңбек нарығындағы шиеліністің бәсеңдеуі перспективада экономиканың мемлекеттік емес секторларының және олардың өндірістік көлемінің өсуіне, жаңа техникалық негізде жеке меншік және бірлескен кәсіпорындардың қосымша жұмыс

орындарын құруына, нарықтық инфрақұрылымдық ұйымдарында жұмыспен қамтудың кеңеюіне барынша мол мүмкіндік беретін болады.

3. Жұмыспен қамту саясатының мақсаты, міндеттері мен принциптері

Жұмыспен қамту саясатының негізгі мақсаты жұмыспен қамтуды толық, нәтижелі және еркін таңдап алуға қол жеткізу, жұмыссыздықтың қысқаруы және оның әлеуметтік жарамды деңгейде қолдау табуы, еңбек нарығының қызмет етуі мен реттелуіне құқықтық, экономикалық және ұйымдық шарттар құру болып т а б ы л а д ы .

Көрсетілген мақсаттарға жету мынадай негізгі міндеттерді шешумен қ а м т а м а с ы з е т і л е д і :

жұмыспен қамту саласындағы азаматтардың дербес белсенді көзқарасына және халықтың неғұрлым әлсіз санаттарын әлеуметтік қорғау кепілдігіне бағытталған еңбек және әлеуметтік заңдарын өзгерту және толықтыру жолымен жұмыспен қамту және еңбек қатынастарын құқықтық реттеу жүйесін жаңарту.

жаңа өндірістер құру, жекешелендіру, қайта ұйымдастыру, қайта мамандандыруды қоса алғанда, перспективасы жоқ өндірістерді реформалау негізінде экономиканың салалық құрылымын жетілдіру;

жұмыспен қамту саясатымен сәйкестендірілген, қосымша жұмыс орындарын құруды ынталандыруды қолдайтын қаржылық және салық саясатын жүргізу;

қосымша жұмыс орындарын, соның ішінде оны шетел капиталын тарту есебінен құрушы шағын және орта жекеменшік кәсіпкерлікті дамытуды қолдау және б е л с е н д і ы н т а л а н д ы р у ;

экономикадағы құрылымдық өзгерістерді ескере отырып еңбек нарығындағы пайда болған жағдайларға қатысты кәсіби білім берудің алдын алу;

жұмыспен қамту кепілдігін қамтамасыз етуде, еңбек төлемі, шарттары мен режимдері мәселелерін шешуде еңбек нарығының басты қатысушыларының (мемлекеттің, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің) әлеуметтік әріптестігі ж ү й е с і н қ а л ы п т а с т ы р у ;

шетелдік жұмыс күшін пайдалануды шектеу жолымен ішкі еңбек нарығын қ о р ғ а у ;

жұмыспен қамтудың аймақтық проблемаларын шешуде жергілікті атқарушы өкімет органдарының рөлін көтеру;

жұмыссыздықтың белгіленген параметрлер (өлшемдер) топтарда олардың республикалық орта деңгейден ауытқуы негізінде жұмыссыздықтың дағдарысты деңгейіндегі аймақтарды, салаларды таба білу;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі бағдарламалық

шараларды, жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру жолымен еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың неғұрлым өткір тұрған сәйкессіздіктерін жоюға бағытталған іріктемелі шараларды жүзеге асыру ;

жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау тетігін жетілдіру;

жұмыспен қамту мен еңбек нарығын реттеу мәселелерінде мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің іс-әрекеттерін жұмыс берушілермен, қоғамдық және кәсіподақ органдарымен одан әрі шоғырландыра түсу.

Жұмыспен қамтудың саясаты мынадай негізгі принциптерді қамтамасыз етуді талап етеді :

азаматтардың жұмыспен қамтудың нысандары мен түрлерін еркін және ерікті түрде таңдауын ;

жұмыс орыны мен кәсіби даярлыққа жетуге болатын баршаға бірдей мүмкіндікті білдіретін теңдікті;

экономиканың өсуіне жету мақсатында жұмыс күшінен мейлінше қайтарымды қамтамасыз етумен байланысты тиімділікті;

экономиканы реформалауға, институционалды және құрылымдық қайта құрудың тиімділігіне бағытталған экономикалық саясаттың жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың теңдестірілуіне қол жеткізу негізінде еңбек нарығындағы икемді, белсенді саясатпен үйлесімділігін қамтамасыз ететін кешенділікті ;

материалдық және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету, еңбек нарығындағы жұмыс күшінің, оның сапасын жақсартудың негізінде бәсекелестік қабілетін көтеру жолымен жұмыссыздықтың салдарынан болатын шығындар мен жоғалтулардың ең аз ескертуі мен мәліметін білдіретін әлеуметтік әділеттілікті;

ықпалды реттеуші шаралардың нысаналылығы;

жұмыспен қамту саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде үш жақты кең ауқымды ыңғайдың табылуын, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің мүдделерімен сай жұмыспен қамтуды реттестіру саласындағы іс-әрекеттің келісілуін қамтамасыз ететін трипартизмді;

жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыруда негізге алынатын бірыңғай нормалар негізінде орталық және аймақтық органдардың өзара тиімді іс-қимыл жасауын қамтамасыз ететін жұмыспен қамту саясатын жүргізудегі аймақтық ерекшеліктерді есепке алып отыру.

4. Жұмыспен қамту саясатының негізгі бағыттары мен жүзеге асыру кезеңдері

Жұмыспен қамту саясатының мақсаты, міндеттері мен принциптері оны

жүзеге асырудағы негізгі бағыттарын алдын ала айқындайды:

экономиканың балама, мемлекеттік емес секторларында жұмыспен қамтуды дамыту мен кеңейту үшін жағдайлар жасау;

экономиканың дамуы мен оның құрылымдық қайта құрылуының факторлары мен міндеттерін ескере отырып мемлекеттік сектордағы жұмыспен қамтуды қ о л д а у ;

босап қалғандарды әлеуметтік жағынан қорғай отырып, кәсіпорындарды санациялау және оңалту жөніндегі шараларды үйлесімді жүзеге асыру жолымен қызметкерлерді босатуды реттеу;

нарық қатынасына бағамды және қазіргі экономиканың ерекшеліктерін ескеретін кадрлардың кәсіби оқыту жүйесін құру;

жұмыссыз азаматтар мен жұмыспен қамтылмаған халықты кәсіби оқытудың ауқымын кеңейту мен нәтижелігін арттыру, босап қалған қызметкерлердің алдын ала оқуы мен қайта даярлығын ұйымдастыру және өткізу жолымен жұмысқа қабілетті халықтың кәсіби ұтқырлығына жәрдемдесу;

еңбек нарығының нормативтік-құқықтық инфрақұрылымдарын дамыту;

аумақтар тұрғысында, кәсіпорындар деңгейінде және қызметкерлердің әртүрлі құрамы бойынша ескеру шараларын әзірлеу негізінде жұмыспен қамту саласындағы жергілікті дағдарыстардың алдын алу;

дамудың әрбір кезеңінде қабылданған кепілдіктер мен нормативтер шеңберінде жұмыссыздардың мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғалуын қ а м т а м а с ы з е т у ;

еңбек нарығының жедел мониторингі жүйесін құру.

Осы бағыттарды жүзеге асыру, бір жағынан жұмыспен қамту саласындағы әлеуметтік шиеліністі жұмсартуға, екінші жағынан экономиканы оңалту мен дамыту жөніндегі жалпы орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективалар арнасында оны рационализациялау үшін алғы шарттар жасауға мүмкіндік береді.

Жұмыспен қамтудың белсенді саясатының өзіне бағамды заңды нормативтік-құқықтық және материалдық-қаржыландыру базасы болуы керек, оны құру да уақытты талап етеді. Бірақ жұмыссыздыққа байланысты проблемалардың өткір қойылуы мен еңбек нарығындағы тұрақсыздықтың үдей түсуі мемлекеттік реттеуді қайта бағдарлауды барынша тығыз мерзімге қойып о т ы р .

Бірінші кезеңде (1996-1997 жылдар) халықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты жұмыссыздарды кешенді әлеуметтік қолдауға бағытталады (жұмыссыздарға жәрдемақылар мен стипендиялар төлеу, оларға материалдық көмек көрсету, қажетті мамандықтарға оқыту және қайта оқыту, қоғамдық жұмыстарға орналастыру т.б.). Жұмыссыздықтың өсуін тоқтату мақсатымен

қолда бар шектеулі ресурстар шегінде экономиканың дамуы үшін неғұрлым маңызы бар өндірістерді: отын-энергетикалық және агроөнеркәсіп кешендерін, қорғанис өнеркәсібін конверсиялауды іріктеме қолдау қамтамасыз етіледі. Осы кезеңде қолданылып жүрген заңдарға, соның ішінде "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақ ССР-нің Заңына өзгертулер енгізіледі, қосымша жұмыс орындарының өсуіне, кадрларды қайта мамандандыруға және қайта даярлауға, экономиканы реформалаудың әлеуметтік келеңсіз зардаптарын жұмсартуға мүмкіндік беретін ерікті түрде қоныс аудару туралы, шағын және орта бизнес туралы және басқа да заң жобалары әзірленетін болады.

Екінші кезең, бірінші кезеңде басталған құрылымдық-инвестициялық саясатты жүзеге асырумен бірге, мемлекеттің, кәсіпорынның және жұмыссыздық бойынша сақтандыратын, жұмыс орнын құру жөніндегі қызметкердің күш салуын үйлестіретін үш деңгейлі қаржылық одақ құру негізінде жұмыспен қамту жүйесінің қызмет етуін қаржылық тұрғыда қамтамасыз етуге реформа жүргізуді көздейді. Жұмыспен қамту процестерін мақсатты қаржылық реттеу және жұмыссыздықтың алдын алу жұмыспен қамту саласының серпімділігін және өркениетті еңбек нарығын қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыс 1997 жылдан бастап, республика экономикасында макроэкономикалық ілгерілеумен өзара тығыз байланыста жүргізіледі.

Үшінші кезең (1998 жыл және одан әрі) жұмыспен қамту жүйесінің нарыққа бейімделуіне қарай оның дағдарыс салдарымен бұзылған жетекші буындарын қалпына келтіру мен жетілдіру және еңбек нарығының конъюнктурасына сәйкес кадрлардың серпінді кәсіби құрылымын қамтамасыз ету бағыттарын жүзеге асыруға есептелінген.

Жұмыспен қамту саясатының негізгі міндеттерін кезең-кезеңмен шешуге жүйеге келтірілген стандарттарды жасауға, жұмыс күшінің қозғалысын, оның сапасы мен жұмыспен қамтудың сол немесе басқа саласына кіру ерекшелігін дәл бейнелеуге бағытталған жүйелі шараларды жүзеге асыру да жатады. Сондай-ақ еңбек нарығы статистикасының дүние жүзілік стандартқа мейлінше жақын келуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Жұмыспен қамту саясаты кәсіпорынның бәсекелестік қабілетін көтеру, икемді еңбек режимдерін пайдалану есебінен жұмыссыздықтың жолын жабу бағытында олардың іс-әрекетін мемлекетпен үйлестіру жолымен жұмыспен қамтуды сақтау және ұлғайту жөніндегі меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындардың белсенді көзқарасын көздейді.

5. Жұмыспен қамту саясатын және жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру тетіктері

5.1. Жұмыспен қамту саясатын жүзеге асырудың негізгі элементтері мен тетігінің тұтқалары

Жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты тетігін жүзеге асырудың негізгі элементтері мыналар болып табылады:

институционалдық және құрылымдық жаңғыртуды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған тереңдетілген реформалар жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру кезінде халықты жұмыспен қамтуды және жұмысшы күшінің бәсекелестік қабілеті жоқ салалар мен өндірістерден бәсекелестік қабілеті барларға кетуін жүзеге асыру;

нарықтық экономика талаптарын қанағаттандыратын кәсіптер мен мамандықтар бойынша кәсіби даярлау және қайта даярлау сияқты салаларда адамдық капиталды инвестициялау;

жаңа технологияны экономиканың еңбек ұсынысына жағымды ықпал жасауға қабілетті көп еңбек сіңіруді қажет ететін секторларына инвестициялау;

халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламалары жөніндегі бағдарламалық шараларды жасау және жүзеге асыру;

жұмыссыздарды қайта біліктендірудің және кәсіби оқытудың оның ішінде кадрларды ішкі фирмалық қайта дайындаудың икемді жүйесін ұйымдастыру;

қоғамдық жұмыссыздарды ұйымдастыруды жетілдіру;

жұмыссыздарға ақпараттық және басқа да делдалдық қызметтер көрсету;

жұмыспен қамтудың және жұмыссыздықтың мониторингін ұйымдастыру, кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың инфрақұрылымдарын құру.

Орта мерзімдік келешекте жұмыспен қамту саясатын жүзеге асырудың негізгі тұтқалары ;

кәсіпорындарды реформалаудың, оның ішінде кәсіби бағдар қызметін көрудің, босаған қызметкерлерді кәсіби оқыту және қайта даярлаудың нәтижесінде жұмыссыздықтың өсуіне ықпал ететін факторларды бейтараптандыру ;

макроэкономикалық стратегия шеңберінде мемлекеттік әлеуметтік саясат жүргізу ;

кәсіпкерліктің және өзін-өзі қамтудың, шағын және орта бизнестің бизнес-орталықтарда шағын бизнес инкубаторларын құру, шағын бизнес орталықтарын қолдау, кәсіпкерлік дағдыға оқыту ресурстарын кеңейту жолымен еңбектің келешекті саласы ретінде дамуына жәрдем көрсету;

халықты, әсіресе селолық жерлерде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнаулы бағдарламасын жасау және жүзеге асыру;

ішкі еңбек рыногын қорғау және шетел жұмысшылары мен мамандарының

еңбегін пайдалануды шектеу, экономикалық даму бағдарламалары мен шетелдік фирмалардың қатысуымен жасалған контрактілерді жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз ету және оны қаржыландыру тұрғысында сараптамалау;

бірыңғай тарифтік кесте параметрлерін диапазондарды жоғары маман қызметкерлер санатының пайдасына арттыру жолымен одан әрі жетілдіру және " ақыл-ойлардың кетуі" процесін тежеу мақсатында өзекті ғылыми-зерттеу жұмыстарына іріктелген қолдау көрсету;

алыс және таяу шетелге жұмысшы күшін экспорттаудың контрактілік жүйесін республикалық еңбек нарығындағы жоғары маман кадрларға деген қажеттілікті ескере отырып дамытуға жәрдемдесу;

орналастыру аймақтарының экономикалық мүмкіндіктері мен жағдайларының негізінде иммигранттардың санын квоталау;

ұжымдық шарттар мен келісімдердің шеңберінде пәрменді әлеуметтік әріптестікті заңдық қамтамасыз ету болуы керек.

Орта мерзімдік келешектен сыртқарыда орынды құрылымдық алға басушылық себепші болған жұмысшы күшінің экономиканың бір саласынан екіншісіне ауысуының негізінде жұмыспен қамту құрылымын сапалық өзгертуге жәрдемдесетін шаралар басым болады.

Жұмыспен қамту саясаты аймақтық, жергілікті ерекшеліктерге сай ескеріліп жүзеге асырылуы қажет.

Жұмыспен аз қамтылған облыстар тобында қосымша жұмыс орындарын құруды, көп еңбекті керек қылатын өндірістерді және ауыл шаруашылығынікін қоса есептегенде шикізатты терең өңдеуді орналастыруды қолдайтын саясат басымдықта болады. Еңбек қорларын олардың тұрғылықты жері бойынша пайдалану, бұл аймақтарда олардың жұмысшы күшіне сұранысы жоғары аудандарға қайта топтасуымен сай келуі керек, ол үшін жұмысшы күшін қайта бөлудің ұйымдасқан аймақтық нысанын жаңғыртқан жөн.

Жұмыспен орташа және жоғары қамтылған облыстар тобында қол жеткен жұмыспен қамту деңгейін сақтауға, оның тиімділігін көтеруге, жұмысшы күшінің көзін іздестіруге, оны басқа жақтардан тартуға, көп еңбектілікті төмендетуге бағытталған саясат орынды.

Селолық жерлерде адам ресурстарын бүтіндей алғандағы жұмысшы күші басым аграрлық секторлардан агроөнеркәсіптік кешеннің шеңберінде құрылмақ экономиканың ауыл шаруашылық емес жаңа секторларына босату саясаты өзекті

Қалалық жерлерде жұмыспен қамту саясаты үлкен қалаларда біршама жоғары деңгейдегі жұмыспен қамтуға қолдау көрсетуге, шағын, орташа қалаларда және болашағы бар жұмысшы поселкелерде жұмыспен қамтудың төмендеуі тенденцияларын жеңіп шығуға бағытталуы керек. Көп өндірісті қалаларда

жұмыссыздықтың өсуінің алдын алу инвестициялық белсенділікті ынталандырудың, қала құрушы кәсіпорындар өндірісін жаңартудың, жетілдірудің және қайта бейімдеудің шағын, орта бизнесті дамыту жолымен бұл аймақтарды көп салалы кешенді дамыту мүдделерін ескеріп қызмет саласын кеңейтудің, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы үшін жағдай туғызудың, сондай-ақ бос еңбек ресурстарын дамушы қалалар, жаңа аймақтар бағытына қайта бөлудің негізінде жұмыспен қамту құрылымын орнықтырумен байланысты болады.

5.2. Жұмыспен қамтылмаған тұрғындарды және жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау

Нарықтық экономиканың жұмыс істеуі қоғамдық өндірістің барлық қатысушылары үшін жұмысты жоғалту қаупі - жұмыссыздықпен тығыз байланысты. Жұмыспен қамтылмаған тұрғындар мен жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мемлекет тарапынан профилактикалық та, реттеуші де сипаты бар белсенді және баяу шаралар жүргізу жолымен жүзеге асырылады. Оларға: еңбекке орналасуға жәрдемдесу, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, жұмыссыздық жөнінде жәрдемақы беру және басқа да әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету жатады.

Еңбекке орналастыруға жәрдемдесу қосымша жұмыс орындарын құруды, толық емес қамтылатын уақытша және маусымдық жұмыстарда қаржылық мүмкіндіктерді ескеріп жұмыс орнын кеңейтуді мемлекет тарапынан қаржыландыруды және ынталандыруды көздейді.

Кадрларды кәсіби оқыту және қайта даярлау елді әлеуметтік-экономикалық дамытудың, экономика мен аймақтардың маңызды секторларының басымдылығына сүйеніп, білім берудің түрлі жүйелерінің (мемлекеттік, мемлекеттік емес) және мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі бөлімшелерінің, сондай-ақ әлеуметтік әріптестіктің дамыған жүйесінің үйлестірілген қызметтерінің негізінде жүзеге асырылады.

Құрылымдық-инвестициялық саясаттың белсенділігін арттыру жастарды кәсіби даярлау мен ересек халықты қайта оқытуды ұйымдастыруға тиісті тәсілді талап етеді. Алдын ала оқыту және қайта оқыту жұмыссыздық ауқымының артуын тежеуге ықпал етеді. Осы мақсатта кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін сақтау және қолдау көрсету, сондай-ақ арнаулы орта және жоғары оқу орындарының мүмкіндіктерін жұмылдыру өзін-өзі ақтайды.

Өндірісте кәсіби даярлықты ынталандыру басты бағыт болуы қажет. Бұл мақсаттарда өндірісте қалыптасқан кадрларды кәсіби оқыту жүйесін қоюға жол берілмеу керек. Оны қолдау жұмыс берушілердің кадрларды даярлау және қайта

даярлау жөніндегі қызметін қаржыландыратын арнаулы мақсаттық қорлар құру жолымен жүзеге асырылады.

Қоғамдық жұмыстар жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамту мақсатында ұйымдастырылады. Қоғамдық жұмыстарды тікелей ұйымдастырушылар атқарушы өкіметтің жергілікті органдары болуы керек. Экономикалық құлдырау аймақтарында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру үлкен маңызға ие болады. Мұнда қоғамдық жұмыстарды көп еңбекті қажет ететін жобалары жасалуы керек. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының (бұдан әрі - Қор) және жергілікті бюджеттердің қаражатынан, сондай-ақ коммерциялық құрылымдар мен қайырымдылық ұйымдарының жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға қатысуын ынталандыруға да, оларға материалдық қолдау көрсетуге де бағытталған қаражаттарын тарту жолымен жүзеге асырылуы қажет.

Тұжырымдама мөлшері басқа әлеуметтік нормативтер мен кепілдіктердің белгілі арақатынасында белгіленетін және өзгертін жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыны төлеудің қолданылып жүрген принципін белгілі бір уақытқа сақтаудың ақылға қонымдылығы негізінде жасалды. Бұл жағдайда жұмыссыздардың жұмыс іздеудегі белсенділігін, оның кәсіби және аумақтық ұтқырлығын арттыру мақсатында жұмыссыздық жөнінде жәрдемақы төлеудің мөлшері саралануы қажет. Жас адамдарға, олардың жаңа мамандықтар алуға бағдарлануын және әзірлігін ескеріп жұмыссыздық жөнінде жәрдемақы алу құқығына өлшем белгілеу тетігі айрықша өзектілікке ие болады.

Алдағы уақытта экономикалық өсу және өмір сүру деңгейінің арту мөлшері бойынша жәрдемақы мөлшері қызметкерлердің жұмыссыздық жөніндегі сақтандыру қорына төлейтін жарнасына тікелей байланысты болуына сәйкес ыңғай жүзеге асырылуы мүмкін.

Жұмыспен қамту саясаты халықтың әлеуметтік-әлсіз топтарына қатысты алғашқы кезеңде қолданылып жүрген нормативтерді (жұмысқа қабылдау бойынша квота) олардың төмендету жағына қайта қарауды, сонан соң экономикалық өсу мөлшері бойынша - оларды арттыруды көздейді. Мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына және олардың кәсіпорындарына, олардың көмегімен қосымша жұмыс орындарын құру, мүгедектерге әлеуметтік және еңбектік оңалту жүргізу мақсатында мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады, жұмыс орындарын квоттау жөнінде нормативтер белгілеу жөнінде тетік жетілдірілетін болады.

5.3. Мемлекеттік институттар және олардың жұмыспен қамту саласындағы өзара іс-қимылы

Жұмыспен қамту саясаты кәсіподақтардың қатысуымен өкіметтің заң шығарушы, атқарушы органдарының, жұмыс берушілердің бірлескен күш-жігерімен қалыптастырылады және жүзеге асырылады.

Үкімет, оның экономикалық, қаржы, білім беру органдары және салалық министрліктер жұмыспен қамту саласында ортақ экономикалық саясатты жүргізеді және жүзеге асырады. Еңбек рыногында өзара әрекет етуші тараптар мүдделерінің келісілуі тәртібін белгілейді, оны реттеудің тетігін нормативтік актілермен айқындау арқылы сұраным және ұсыныс балансын ұстап тұруға жәрдемдеседі.

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі мен Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі басқа да мемлекеттік өкімет органдарымен, жұмыс берушілермен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылда жұмыссыздарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау мемлекеттік саясатын жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігінде осы мақсатта аймақтарды әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамытудағы аймақтық ерекшеліктерді, жұмыспен қамту мен жұмыссыздық деңгейінің саралануын ескеретін және аймақтық және жеке еңбек нарығындағы шиеленіскен жағдайлар кезінде қордың қаражаттарын қайта бөлудің қажеттілігін көздейтін, республика халқын жұмыспен қамтуға көмектесетін бағдарламалық шаралар жасалуда.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметін, оның аймақтық және жергілікті органдарын онан әрі дамыту бұл міндеттерді жүзеге асыруға қажетті шарт болып табылады. Еңбек нарығындағы жағдайлардың өзгеруін ұқсас және жедел реттеу оның материалдық базасын нығайту, компьютерлендіру және технологиялық жарақтандыру, статистикалық және ақпараттық-анықтамалық жүйелердің қалыптасуы, еңбек нарығының мониторингі негізіндегі жұмыспен қамту қызметінің белсенді қызметімен қамтамасыз етіледі. Жұмыс күшіне сұраныс (бос орындар) туралы ақпараттар және халықты хабарландыру және жұмыс берушілердің бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұсыныстары жөніндегі жұмыстар күшейтілуде. Үкіметке, оның экономикалық, қаржы, білім беру органдарына жұмыспен қамту саласы мен республиканың еңбек нарығындағы жағдайлар және оларды реттеу жөніндегі қолданылған шаралар туралы үнемі а қ п а р а т ұ с ы н ы л а д ы .

Жұмыспен қамту қызметі жұмысының тиімділігінің өлшемі оның еңбек нарығын қалыптастырудағы және реттеудегі ролінің артуы, жұмыспен қамтылудың өсуіне және жұмыссыздықты қысқартуға жәрдемдесу дәрежесінің жоғарылауы болып табылады. Аймақтық жұмыспен қамту қызметінің тиімділігін бағалаудың еңбекпен қамтылмаған тұрғындарды еңбекпен қамту қызметі арқылы еңбекке орналастыру коэффициенті, жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы, ұзақ

мерзімдік жұмыссыздықтың деңгейі, еңбекпен қамту саясатын жүзеге асыру кезіндегі белсенді және баяу шаралардың арақатынасы, бір жұмыссызға жұмсалатын қаржы шығыны, жұмыспен қамту қызметі қызметкеріне жүктелетін ауқымы және басқалар сияқты қызмет индикаторларына негізделген жүйесі е н г і з і л е т і н б о л а д ы .

Республиканың барлық облыстарының аумақтарында халықты жұмыспен қамтудың үлгілік орталықтарын құрған жөн.

Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі кезең-кезеңмен мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландыруға көшіріледі.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар жұмыспен қамтылу факторын ескеріп әлеуметтік-экономикалық қайта өзгерту жүргізіледі, жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламаларын жасайды және жүзеге асырады, нашар қорғалған санаттарды жұмысқа қабылдаудың квоталарын белгілейді, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырады.

Кәсіпорын меншік нысанына қарамастан жұмыс орындарын құру негізінде жұмыспен қамту саясатының жүргізілуін қамтамасыз етеді, еңбекпен қамту қорын құруға қатысады, кадрларға деген сұранысты жарнамалайды.

5.4. Заңдық, әдістемелік қамтамасыз ету

Тұжырымдаманың ережелері Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының ережелерінің негізінде жұмыспен қамту және жұмыссыздық салаларында заңдылықты жетілдірудің қажеттілігіне және мақсаттылығына сүйеніп жасалды. Бұл бірінші кезекте еңбек туралы заңдар кодексіне, "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақ ССР-інің Заңына қатысты.

"Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақ КСР-і Заңын жетілдірудің мүмкін болатын бағыттары:

жұмыссызды анықтаудың "еңбекке қабілетті жас" өлшемі ескерілген неғұрлым нақты тәсілі;

жұмыс іздеудегі белсенді позиция тұрғысында жұмыссызға қатаң талап; жұмыссыздарды тіркеудің және жұмыссыздық жөнінде жәрдемақы есептеудің жүйесін жеңілдету;

еңбек тәртібін бұзғаны үшін, өз еркі бойынша бұрын жұмыстан шығарылған жұмыссыздар үшін жұмыссыздық жөніндегі жәрдемақыны төлеу мерзіміне шектеуді бәсеңдету;

жұмыссыздарды әлеуметтік қолдау жүйесін жасау өлшемдерін анықтау; жұмыссыздарға жәрдемақы мен стипендиялар есептеу базасын өзгерту; жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауға сараланған қадам жасауды (еңбек стажының өлшемдерін ескеріп жәрдемақы және стипендия есептеу) қамтамасыз

е т у ;

жұмыс берушілерге олардың мемлекеттік жұмыспен қамтамасыз ету қызметіне бос жұмыс орындары (бос орындар) туралы ақпараттар беру тұрғысында талапты қатайту.

Мынадай жаңа заң жобаларын әзірлеу қажет:

ерікті қоныс аудару туралы, қоғамдық жұмыстар туралы, шағын және орта бизнес туралы, жұмыс орындарын квоталау туралы, кәсіптік оқу туралы, шетел жұмысшы күшін пайдалану туралы.

Мынадай жаңа әдістемелер әзірлегені орынды:

еңбек нарқындағы жағдайға баға беру және болжамдау жөнінде;
жұмыссыздықтың табиғи деңгейін айқындау жөнінде;
халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мен мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің тиімділігін айқындаудың аймақтық бағдарламаларын жасау жөнінде;

болашақта мамандарды кәсіптік даярлау қажеттілігін айқындау тетігі жөнінде

Реформалау мен экономикалық өсу міндеттерін шешудің негізгі іс-қимылын шаруашылық жүргізудің аймақтық деңгейіне көшіру жұмыспен қамту қорының қаражатын белгілі бір (нормативтік) арақатынаста республикалық және аймақтық (облыстық) қорларға бөлудің объективті қажеттілігін тудырады. Бұл жұмыспен қамту саясаты мен жұмыссыздарды әлеуметтік қолдауды жүзеге асыру жергілікті өкімет органдарының жауапкершілігін арттыруға мүмкіншілік береді. Сондай-ақ мұнда халықты жұмыспен қамту мен жұмыссыздық деңгейіндегі аймақтық айырмашылықтардың тігісін жатқызу мақсатында жұмыспен қамту қорының қаражатын белгілі бір қайта бөлу мүмкіншілігі сақталады.

6. Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына көшу

Жұмыспен қамту мен жұмыссыздарды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесін Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) белгілі Конвенциясынан туындайтын халықаралық стандарттар мен өлшемдерге көшіру қажет. Дегенмен мұндай көшіру бір-ақ сәтте жүзеге асырылуы мүмкін емес, өйткені елде тиісті статистикалық байқау ұйымдастыру, зерттеулердің нәтижелерін жедел өңдеп, олардың ай сайындық және тоқсан сайындық жүйесін жолға қою үшін белгілі бір у а қ ы т т а л а п е т і л е д і .

Тұжырымдама халықаралық стандарттарға кезең-кезеңмен көшуге негізделеді. Бірінші кезеңде, тұжырымдаманы қабылданғаннан бастап ХЕҰ қабылдаған санаттар мен ұғымдарға тез көшкен орынды, оларды айқындау мен

есептеуге қол жеткізу, заңдар мен әдістемелерге тиісті өзгерістер енгізу қолданылып жүрген статистиканың негізінде мүмкін. Атап айтқанда, қолданылып жүрген "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақ ССР-інің Заңына жұмыспен қамту саясатының айналысы мен тетігіне экономикалық белсенді халық (жұмыс күші), жұмыспен толық қамтылу, жұмыспен толық емес қамтылу, жұмыссыздар, жұмыссыздықтың табиғи деңгейі, еңбек нарқындағы шиеленіс коэффициенті және жаңа жағдайларда халықты жұмыспен тұрақты қамтуға қатысты қамтамасыз етудің проблемаларын зерттеу мен шешудің ыңғайларын жүзеге асыру мүмкін емес басқа да санаттарды, ұғымдар мен терминдерді енгізіп азаматтар мен жұмыссыздықтардың жұмыспен қамтылуын айқындауды нақтылайтын өзгертулер енгізу қажет. Кейін екінші кезеңде еңбек нарқындағы үнемі өзгеріп тұратын жағдайда тиісінше көрсетуге қабілетті жаңа статистикалық инфрақұрылым құру шамасына қарай деректерді ХЕҰ стандарттарына сәйкес келтіре отырып оларды жинау, өңдеу және есептеудің әдістемесі мен практикасын нақтылау мүмкін болады.

Жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті заңдар мен басқа да нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуді көздейді. Оларды қабылдау мен жүзеге асыру өндірістің тиімділігін арттыруға, республиканы әлеуметтік-экономикалық дамыту мен реформаларды жүргізудің жалпы бағытын жүзеге асыру саласында стратегиялық мақсаттарға сәйкес халықты жұмыспен қамту проблемаларын мақсатты, жүйелі және кешенді жүзеге асыруға мүмкіншілік береді.